Бұл – бәсекеге қабілеттілік, қоғамдық даму мен кітап оқитын ұлтқа айналу деген сөз. Түркі жұртының ұлы ойшылы Әлишер Науай: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына», – деген болатын. Адамзаттың кемелденуіне кітаптың алар орны бөлек. Ал жастары білімді елдің дамитыны айтпаса да түсінікті жайт. Сондықтан жастар кітап оқитын болса, олардың алар асуы биікте. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниенің қыры мен сырын, өткен тарихыңды танытатын шежіре қоры. Кітап адамның дүниетанымын өзгертіп, жаңа көзқарас қалыптастырады. Қазіргі қоғамда жедел ақпаратқа тәуелділік артып келеді. Алайда кітап – асықпай ойлануға, саралауға, терең түсінуге үйретететін бірден-бір құрал. Яғни кітап оқу – ізденіс, ал ізденіс – тұлғаның дамуы.

Қазір заман басқа. Технология қарыштап дамып жатыр. Кітапханашы мәртебесі көтерілді. Сондықтан да әрбір кітапханашы маман ретінде өз білімін жетілдіріп, офлайн, онлайн форматта біліктіліктерін арттыру қажет. Сонымен қатар биылғы жыл «Цифраландыру және жасанды интелект» жылы деп жарияланды. Яғни озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпақ. Кітапхананы ақпараттар мен білім ордасы деп атауға болады. Білім қуған адам кітап оқуды, ақпарат көзі мен өзін-өзі дамытуды да осы кітапханадан табады. Кітап – адамға білім жолындағы рухани азық. Осы рухани азығымызды сақтау орындары оқырмандар үшін мейлінше жаңарып, соңғы ақпараттық технологиялармен жабдықталуда.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету жолындағы креативті қоғам құруды жоспарлайды. Жаңа қоғамға білімді адами капитал мен инновациялық орталықтар арқылы рухани интеллигенттік элитаны тәрбиелеу тиіс. Осы міндеттерді шешуге кітапханалардың қызметі де инновациялық тұрғыда заман талаптарын қанағаттандыруы керек.

Цифрлық технология көшіне ілесу, кітапхана саласына пайдалану туралы дәрістер мен шеберлік сабақтардың үйретері көп.

Заманауи технология жаңалықтарын қызметіне енгізген кітапхана ғана жастарды өзіне тарта алады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі 19-21 мамыр аралығында Мәдениет және өнер қызметкерлері күні мерекесі аясында Астана қаласында өткен республикалық форумға Балалар кітапханасының кітапханашысы Аймекен Байманова қатысса, 2026 жылдың 18 маусым күні Ақтау қаласында өткен «Зерделі ұлт қалыптастыруда жасанды интеллект дамытудың бағыттары» атты семинарға Балалар кітапханасының кітапханашысы Анар Реймова іс-тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болып келді.

Тәжірибе алмасу барысында жасанды интеллектіні әр бөлімде, әр жүйеде қызық етіп қолдануға болатынын, қызықты мағлұматтармен ой бөлісіп, кітапхана ісіне де ЖИ қолданып, кітапхана жұмыстарын оңайлатуға, қызмет сапасы мен қолжетілімдікті арттыруға және жаңа мүмкіндіктерге жол аша отырып, жаңаша бағытта алған білімдерін жұмыста қолданады деген сенімдемін.

Жасанды интеллект саласын дамытуға кітапханалардың да үлесі зор. Жаңа технологиялық жаңару мен әлеуметтік желілердің ықпалы арта са да, кітап құдіреті өз мәнін жоғалтпақ емес. Өйткені кітап – мәңгілік ұстаз. Рухани жаңғыру жолындағы Қазақстан халқына кітапхананың қадірі мен қасиеті соншалықты қажет. Өркениет жолындағы күллі адамзатқа ортақ руханият та осы – кітапхана. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Дәстүрлі кітапхананың ағартушылық ролі ешқашан мәнін жоғалтпайды» – дегені бүгінгі қоғам үшін өте өзекті. Кітап пен кітапхана біздің өркениетіміздің дамуында маңызды рөл атқарады. Ғасырлардың шежірелі кітапханалары – адамзаттың жады.

Рабиға АМАНДЫКОВА,
аудандық кітапхананы дамыту
бөлімінің меңгерушісі.

ТАБИҒАТҚА ҚАМҚОРЛЫҚ – ОРТАҚ МІНДЕТ

БЕЙНЕУ ОРМАНДАР ЖӘНЕ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНЕ ҚАРАСТЫ ЕСЕТ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ ҚАУМАЛЫНДА ТАБИҒИ КЕШЕНДЕР МЕН ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ, СОНДАЙ-АҚ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ҚАУМАЛДЫҢ ЖАЛПЫ АУМАҒЫ 146 790 ГЕКТАРДЫ ҚҰРАЙДЫ.

Бүгінгі таңда қаумалда 7 мемлекеттік инспектор қызмет атқарады. Табиғатты қорғау және бақылау жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында 2 автокөлік, 1 жылжымалы кордон, 3 фототұзақ және 1 дрон пайдаланылады.

Жаз мезгілінде өрт қаупі жоғары кезеңнің басталуына байланысты инспекторлар күшейтілген режимде жұмыс істейді. Бұл уақытта табиғи өрттердің алдын алу, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау және тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу басты назарда болады.

Қазіргі уақытта қаумал аумағында төрт шаруа қожалығы жұмыс істейді. Инспекторлар олармен тұрақты байланыс орнатып, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жөнінде профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Әсіресе жаз айларында шөптің қалың өсуіне байланысты өрт шығу қаупі арта түсетіндіктен, қожалықтарға келетін автокөлік жүргізушілеріне ерекше назар аударылады.

Түсіндіру жұмыстары барысында азаматтарға ашық отты пайдаланбау, темекі тұқылын табиғат аясына тастамау, жанғыш материалдарды қараусыз қалдырмау және өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажеттігі ескертіледі. Сонымен қатар қоршаған ортаны ластамау, аң-құстардың тыныштығын бұзбау және табиғат байлығына ұқыпты қарау жөнінде кеңестер беріледі.

Табиғатты қорғау – тек табиғат қорғау мекемелерінің ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Сондықтан «Есет» мемлекеттік табиғи



қаумалының ұжымы табиғи байлықтарды сақтау, жануарлар дүниесін қорғау, экологиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету және табиғи өрттердің алдын алу бағытындағы жұмыстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыра береді.

Қанат СЕРІКОВ,
«Есет» мемлекеттік табиғи
қаумалының басшысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ

ЭЛЕКТРДЕН БОЛАТЫН ӨРТТЕРДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ – ҚЫСҚА ТҰЙЫҚТАЛУ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНІҢ ШАМАДАН ТЫС ЖҮКТЕЛУІ. МҰНДАЙ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ЭЛЕКТР СЫМДАРЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН ҮНЕМІ БАҚЫЛАП, ОЛАРДЫ ДҰРЫС ЖАҒДАЙДА ҰСТАУ ҚАЖЕТ. АЛ ҚЫСҚА ТҰЙЫҚТАЛУ МЕН ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ШАМАДАН ТЫС ЖҮКТЕМЕ ТҮСУДЕН (БІР МЕЗГІЛДЕ БІРНЕШЕ ЭЛЕКТР ҚҰРАЛЫН ҚОСУ) БОЛАТЫН ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ТАРАТУ ҚАЛҚАНШАСЫНДА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЗАУЫТТА ДАЙЫНДАЛҒАН САҚТАНДЫРҒЫШТАР ОРНАТЫЛУЫ ТИІС.

Егер электр желісіне жуан сымнан қолдан жасалған сақтандырғыш («жучок») орнатылса, қысқа тұйықталу кезінде ол ерімейді. Соның салдарынан қорғаныс жүйесі жұмыс істемей, электр желісі токтың астында қалады. Мұндай жағдайда сымдар қатты қызып, оқшаулағыш қабаты тұтанып, өрт шығуы мүмкін. Сондықтан тек зауытта дайындалған сақтандырғыштарды пайдалану қажет.

Қысқа тұйықталу электр сымдарының ақауынан да болуы мүмкін. Сондықтан олардың техникалық жағдайына тұрақты түрде көңіл бөліп, ақау анықталған жағдайда дер кезінде ауыстырған жөн.

Өрт электр шамдарынан да шығуы ықтимал. Электр шамының вольфрам жібі қатты қызатындықтан, оны қағаздан немесе матадан жасалған жарық қорғамаларына тигізуге болмайды.

Зауытта шығарылған тұрмыстық электр құралдарын дұрыс пайдаланбаудың салдарынан да өрт жиі орын алады. Егер электр желісіне бірнеше қуатты электр құралын қатар қосса, желіге шамадан тыс жүктеме түсіп, сымдар қызып, олардың оқшаулағышы тұтануы мүмкін. Нәтижесінде өрт сым арқылы жанғыш заттарға таралады.

Сондай-ақ үтік, электр шәйнегі, жылытқыш сияқты тұрмыстық электржылытқыш құралдарын қараусыз қалдыруға болмайды. Оларды кішкентай балалардың қарауына қалдыру қауіпті. Электр құралдарын жанғыш заттардың үстіне қоюға, сондай-ақ перде, ағаш қалқа және басқа да тез тұтанатын материалдардың жанында пайдаланбаған жөн.

Әрбір азамат электр қауіпсіздігі талаптарын сақтап, электр сымдары мен тұрмыстық электр құралдарын дұрыс пайдаланса, өрттің алдын алып, адам өмірі мен мүлкін сақтауға өз үлесін қоса алады.

Бақытжан ЖЕКЕНОВ,
аудандық төтенше жағдайлар
бөлімінің инженері.

ДЕНСАУЛЫҚ

МАУСЫМДЫҚ АЛЛЕРГИЯ

СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ КӨПШІЛІКТІ АЛАҢДАТЫП ЖҮРГЕН ИММУНДЫҚ ДЕРТТІҢ БІРІ – МАУСЫМДЫҚ АЛЛЕРГИЯ. ӘСІРЕСЕ КӨКТЕМ МЕН ЖАЗ АЙЛАРЫНДА БАСТАЛЫП, КҮЗГЕ ДЕЙІН ЖАЛҒАСАТЫН БҰЛ АУРУҒА ШАҒЫМДАНАТЫН АДАМДАРДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ. АЛЛЕРГИЯ АДАМНЫҢ ЕҢБЕККЕ ҚАБІЛЕТІНЕ, КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІНЕ КЕРІ ӘСЕР ЕТІП, ӨМІР САПАСЫН ТӨМЕНДЕТЕДІ. СОНДЫҚТАН ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІН ДЕР КЕЗІНДЕ ТАНЫП, АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН САҚТАУ МАҢЫЗДЫ.



Маусымдық аллергия немесе полиноз – өсімдіктердің тозаңына ағзаның иммундық жүйесінің шамадан тыс реакциясы. Көбіне ағаштар, түрлі шөптер мен арамшөптердің гүлдеу кезеңінде байқалады.

Мамандардың айтуынша, Қазақстанда аллергия тудыратын негізгі өсімдіктердің бірі – жусан. Елімізде жусанның бірнеше түрі өседі және олар негізінен жазық, далалы аймақтарда кең таралған. Әсіресе жаздың соңы мен күздің басында жусан тозаңы ауаға көп таралып, аллергиясы бар адамдардың жағдайын қиындатады.

Маусымдық аллергия әр мезгілде әртүрлі өсімдіктердің тозаңынан пайда болады. Көктемде қайың, терек, емен, үйеңкі секілді ағаштардың тозаңы әсер етсе, жазда астық тұқымдас шөптердің тозаңы аллергия шақырады. Ал күзде жусан, амброзия сияқты арамшөптердің тозаңы негізгі аллергенге айналады.

Сонымен қатар тұқым қуалаушылық, бронх демікпесі немесе атопиялық дерматит сияқты аллергиялық аурулардың болуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануы да аурудың даму қаупін арттырады. Қандай белгілеріне назар аудару керек?

Маусымдық аллергия көбіне тұмауға ұқсас белгілермен басталады. Алайда оның айырмашылығы – дене қызуы көтерілмейді және симптомдар белгілі бір маусымда қайталанып отырады.

Негізгі белгілері:

– мұрыннан мөлдір судың ағуы;
– мұрынның бітелуі;
– жиі әрі қайталамалы түшкіру;
– мұрын мен таңдайдың қышынуы;
– көздің қызарып, жасаурауы және қышуы;
– тамақтың жыбырлауы, құрғақ жөтел;
– иіс сезудің төмендеуі;
– әлсіздік, ұйқының бұзылуы.
– кейбір науқастарда ентігу, сырылдап тыныс алу байқалып, бұл бронх демікпесінің қатар дамуына әкелуі мүмкін.

Дәрігер ең алдымен науқастың шағымдары мен аурудың қай мезгілде қайталанатынын анықтайды. Қажет болған жағдайда жалпы қан талдауы, жалпы және арнайы IgE деңгейін анықтау, теріге аллергиялық сынамалар жүргізіледі. Сонымен қатар аллерголог немесе ЛОР дәрігерінің кеңесі ұсынылады.

Маусымдық аллергияны емдеудің басты мақсаты – белгілерді жеңілдетіп, асқынудың алдын алу. Ең алдымен аллергенмен байланысты барынша азайту қажет. Ол үшін тозаң мөлшері жоғары күндері сыртта ұзақ жүрмеу, үйдің терезесін жабық ұстау, көшеден келген соң душ қабылдап, шашты жуу, киімді ауыстыру ұсынылады. Үй ішінде ауа тазартқыш немесе кондиционер пайдалану да пайдалы.

Дәрілік ем ретінде дәрігердің тағайындауымен екінші буын антигистаминдік препараттар, мұрынға арналған кортикостероидты спрейлер, тұзды ерітінділер және аллергияға қарсы көз тамшылары қолданылады. Егер бронх түйілуі байқалса, ингаляциялық дәрілер тағайындалады.

Аллергияны ұзақ мерзімді бақылаудың тиімді тәсілдерінің бірі – аллергенге спецификалық иммунотерапия (АСИТ). Бұл әдіс барысында ағзаға аллерген өте аз мөлшерден бастап бірнеше жыл бойы енгізіледі. Соның нәтижесінде ағзаның аллергенге сезімталдығы төмендеп, ауру белгілері жеңілдейді әрі бронх демікпесінің даму қаупі азаяды.

Аллергияның алдын алу үшін тозаң күнтізбесін бақылап отырған жөн. Желді әрі құрғақ күндері сыртта ұзақ уақыт болмаған дұрыс. Көшеге шыққанда күннен қорғайтын көзілдірік пен бетперде тағу, үйді жиі ылғалды тазалау және дәрігер ұсынған профилактикалық емді тозаң маусымы басталғанға дейін 2-4 апта бұрын бастау тиімді нәтиже береді.

Маусымдық аллергия – көп жағдайда өмірге тікелей қауіп төндірмегенімен, адамның күнделікті өміріне елеулі қолайсыздық туғызады. Сондықтан алғашқы белгілері байқалған жағдайда өздігінен ем қабылдамай, дәрігерге қаралып, дер кезінде тексеруден өткен жөн. Ерте анықталған аллергияны дұрыс емдеу және алдын алу шараларын сақтау аурудың асқынуына жол бермейді.

Балерке НАЗАРБАЙ,
жалпы тәжірибелік дәрігер.

ТУБЕРКУЛЕЗ – АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ БІРІ. АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ЕРТЕ КЕЗЕҢДЕ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА БАЛАЛАР АРАСЫНДА ЖЫЛ САЙЫН ТУБЕРКУЛИНОДИАГНОСТИКА ЖҮРГІЗІЛЕДІ. ОНЫҢ ЕҢ КЕҢ ТАРАҒАН ӘДІСІ – МАНТУ СЫНАМАСЫ.

МАНТУ СЫНАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жыл сайын мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілетін Манту сынамасы ата-аналар арасында түрлі сұрақтар туындатуы мүмкін. Алайда Манту сынамасы – екпе емес, ағзада туберкулез микобактериясына қарсы иммундық жауаптың бар-жоғын анықтауға арналған диагностикалық зерттеу әдісі. Оның құрамында ауру тудыратын тірі микробтар болмайды, сондықтан ол туберкулез ауруын туындатпайды.

Манту сынамасы балалар арасында туберкулез инфекциясын ерте анықтауға мүмкіндік береді. Туберкулездің бастапқы кезеңінде ауру белгілері байқалмауы мүмкін. Осыған байланысты жүйелі түрде жүргізілетін тексерулер ауруды дер кезінде анықтап, қажетті медициналық шараларды уақытылы қабылдауға көмектеседі. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-214/2020 бұйрығы 92-тармағының 3-тармақшасында бекітілген Туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларына сәйкес балалар арасында туберкулинодиагностика белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Манту сынамасы баланың білегінің ішкі жағына тері ішіне арнайы туберкулин препаратын енгізу арқылы жасалады. Нәтижесі 72 сағаттан кейін бағаланып, медицина қызметкері енгізілген жердегі тығыздалудың көлемін өлшеп, қорытынды береді.

Сынама жасалған жерді таза ұстау қажет. Оны қасуға, жарақаттауға, таңғыш жапсыруға немесе түрлі дәрілік заттарды жағуға болмайды. Бұл сынама нәтижесіне әсер етуі мүмкін. Ал қолды қалыпты жағдайда жууға және су тигізуге рұқсат етіледі.

Кейбір ата-аналар балада бірнеше жыл қатарынан теріс нәтиже болған жағдайда Манту сынамасын қайта жүргізудің қажеті жоқ деп есептейді. Алайда туберкулез инфекциясын жұқтыру қаупі уақыт өте өзгеруі мүмкін. Сондықтан Манту сынамасы қолданыстағы санитарлық талаптарға сәйкес жыл сайын жүргізіледі. Алдыңғы нәтижелердің теріс болуы келесі жылғы тексеруден босатуға негіз болмайды.

Балалардың денсаулығын қорғауда профилактикалық тексерулердің маңызы зор. Манту сынамасы – қауіпсіз, тиімді әрі туберкулезді ерте анықтауға мүмкіндік беретін әдіс. Сондықтан ата-аналарды балаларын жоспарлы тексерулерден уақытылы өткізуге шақырамыз. Туберкулездің алдын алу – әрбір азаматтың денсаулығына деген жауапкершілігінің көрінісі. Ауруды ерте анықтау – оның асқынуының және қоғам арасында таралуының алдын алудағы мүмкіндігі.

Бала денсаулығы – ұлттың болашағы. Балалардың саулығына бүгіннен бастап көңіл бөлу – олардың жарқын болашағына жасалған маңызды қадам. Уақытылы жүргізілген тексеру денсаулықты сақтауға, қауіпті дерттің алдын алуға және қоғамның саулығын нығайтуға қызмет етеді.

Жадыра ӘБУОВА,
аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ QR-КОДТАРЫ, ПАЦИЕНТТІҢ ЖЕКЕ ПРОФИЛІ, САПАНЫ БАҒАЛАУ: ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ «ХАЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ» ҚАЛАЙ КҮШЕЙТІЛУДЕ

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЦИФРЛЫҚ СЕРВИСТЕРІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА. БҰЛ АЗАМАТТАРДЫҢ МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ БАРЫНША ЫҢҒАЙЛЫ ӘРІ АШЫҚ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

2026 жылы МӘМС 2.0 трансформациясы шеңберінде негізгі бағыттардың бірі – eGov Mobile мобильді қосымшасында жаңа цифрлық сервистерді іске қосу арқылы «халықтық бақылау» тетіктерін кеңейту.

Бүгінде eGov Mobile пайдаланушылары МӘМС жүйесіне қатысу туралы мәліметтерді алып, өздерінің сақтандырылу мәртебесін тексере алады, сондай-ақ МӘМС жүйесіне аударылған аударымдар мен жарналар туралы ақпаратқа қол жеткізе алады.

Жақында денсаулық сақтауды қаржыландыруға арналған «Qalqan» цифрлық сервисінде медициналық ұйымдарға берілетін арнайы QR-кодты сканерлеу арқылы пациенттің медициналық ұйымға жүгінгенін растау мүмкіндігі іске қосылды.

Бұл тетік медициналық көмектің көрсетілу ашықтығын арттыруға бағытталған және көрсетілген медициналық қызметтердің нақты алынғанын растауға мүмкіндік беретін қоғамдық бақылаудың алғашқы цифрлық құралдарының бірі болып табылады.

Цифрлық сервистерді дамытудың келесі кезеңінде пациенттер үшін жаңа мүмкіндіктер қолжетімді болады. Атап айтқанда, eGov Mobile қосымшасындағы пациенттің жеке профилінде өзі тіркелген медициналық ұйым туралы өзекті ақпарат, сақтандыру мәртебесі, МӘМС жүйесіндегі төлемдер тарихы, жарналар күнтізбесі және жеңілдік санатына қатысты мәліметтер көрсетіледі.

Сонымен қатар, МӘМС бойынша қате немесе артық төленген аударымдар мен жарналарды қайтару жөніндегі мемлекеттік қызметті толық цифрландыру жоспарланып отыр.

«Халықтық бақылау» тетігі азаматтарға eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы өздеріне көрсетілген медициналық қызметтердің тарихын қарап қана қоймай, олардың нақты көрсетілгенін ыңғайлы форматта растауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қосымшада медициналық көмектің сапасын бағалау және Қорға тікелей өтініш жолдау мүмкіндігін енгізу жоспарланып отыр.

Бұл құралдар медициналық көмектің ашықтығын арттыруға, қоғамдық бақылауды күшейтуге және медициналық қызметтердің негізсіз көрсетілу тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді», – деп атап өтті ӘМСҚ басқарма төрағасының орынбасары Индира Ерденова.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жұмыс шеңберінде халыққа ұсынылатын цифрлық мүмкіндіктердің ауқымын кеңейту жалғасады. Пайдаланушыларға көрсетілген медициналық көмек пен оның нәтижелері, көрсетілген қызметтердің құны, ТМККК және МӘМС шеңберіндегі қаржыландыру көздері туралы мәліметтер, сондай-ақ басқа да цифрлық сервистер кезең-кезеңімен қолжетімді болады.

eGov Mobile қосымшасындағы цифрлық сервистерді дамыту азаматтардың МӘМС жүйесімен өзара іс-қимылын барынша ыңғайлы, ашық әрі пациенттердің қажеттіліктеріне бейімделген деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстар Қазақстандағы цифрлық денсаулық сақтауды дамыту жолындағы маңызды қадамдардың бірі болады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Маңғыстау облысы бойынша филиалы.

Меншік иесі:
MAŃǴYSTAÝ MEDIA ЖШС
Директор
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

РАУАН
аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 жылы есепке қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.

Редактор – Таңат АМАЛБАЕВ.
Тілшілер: – Үміт ҚАЗДАЕВА,
Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді
Үйлестіруші – Гүлнара Тасболатова.
Беттеуші дизайнер – Ш.Аязбаева.

«Өнерім» ЖШС баспаханасында басылды.
Баспахана басшысы
Александр Ложков
Ақтау қаласы,
22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 2400. Индекс: 65690.
Тапсырыс: 149 Газет бағасы келісімді.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

28 ШІЛДЕ
түнде: +28 | күндіз: +41
29 ШІЛДЕ
түнде: +29 | күндіз: +41
30 ШІЛДЕ
түнде: +29 | күндіз: +42
31 ШІЛДЕ
түнде: +29 | күндіз: +41
1 ТАМЫЗ
түнде: +27 | күндіз: +35

Хабарландыру


ТОО «Lucent Petroleum» «2026 жылға арналған «Мұнайбай кен орнының Бақыт учаскесіндегі ВН-1, ВН-3, ВН-2 ұңғымаларын өлшеуге арналған технологиялық кешен» жұмыс жобасы бойынша келесі құжаттар әзірленді: Түсіндірме жазба (ТЖ); «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚ); Пайдалану кезеңіне арналған 2026 жылға рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы (РЕШН); Пайдалану кезеңіне арналған 2026 жылға қалдықтарды басқару бағдарламасы; Пайдалану кезеңіне арналған 2026 жылға өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы; Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр 2026 жылғы 3 Қыркүйек 14:30-де Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Боранқұл ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 16А, Боранқұл ауылының Мәдениет үйі., ашық жиналыс арқылы өтетін қоғамдық тыңдауларды жоспарлап отыр. Карантиндік режим енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізілетін болады:
https://us04web.zoom.us/j/74659112277?pwd=pmY1nTAorCWpFHVu0m5Xmr4HBYaQag.1
Конференция идентификаторы: 746 5911 2277, Кіру коды: 4wbjX1. Танысу үшін құжаттама www.ndbecology.gov.kz порталында, сондай-ақ "Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-нің https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru&ysclid=m8e2td14vq555800402 ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Почта: S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com , tabigat@mangystau.gov.kz , G.tulembet@mangystau.gov.kz тел: 8 (7292) 46-21-31
Белгіленіп отырған кызметтің бастамашысы: ТОО «Lucent Petroleum», БИН 980140000025, тел.: +7(701)-464-57-96, эл.почта info@lucentpetroleum.com. d.slanbayev@lucentpetroleum.com ;
Жобаны әзірлеуші: «Caspian HES Consulting» ЖШС, БИН: 050940006426, тел. +7(778)1790417, эл.почта: dcc@hes.kz

Объявление

ТОО «Lucent Petroleum» планирует проведение общественных слушаний в форме открытого собрания по Рабочему проекту «Технологический комплекс по замерам со скважин ВН-1, ВН-3, ВН-2 месторождения Мунайбай, участок Бахыт» на 2026 год также к нему: Пояснительная записка (ПЗ); Раздел «Охрана окружающей среды» (ООС); Проект нормативов допустимых выбросов (ПНДВ) на период эксплуатации на 2026 год; Программа управления отходами (ПУО) на период эксплуатации на 2026 год; Программа производственного экологического контроля (ПЭК) на период эксплуатации на 2026 год; План природоохранных мероприятий (ППМ).
который состоится 3 сентября 2026 года в 14:30 ч. в Мангистауской области, Бейнеуского района, с. Боранкул, ул. Тәуелсіздік, 16а, с. Боранкул, Дом культуры. В случае введения карантинного режима общественные слушания будут проведены в онлайн-режиме
https://us04web.zoom.us/j/74659112277?pwd=pmY1nTAorCWpFHVu0m5Xmr4HBYaQag.1
Идентификатор конференции: 746 5911 2277, Код доступа 4wbjX1. Документация для ознакомления размещена на портале www.ndbecology.gov.kz , а также на официальном интернет-ресурсе ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области»: https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=ru&ysclid=m8e2td14vq555800402.
Почта: S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com , tabigat@mangystau.gov.kz , G.tulembet@mangystau.gov.kz тел: 8 (7292) 46-21-31
Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Lucent Petroleum», БИН 980140000025, тел.: +7(701)-464-57-96, эл.почта info@lucentpetroleum.com. d.slanbayev@lucentpetroleum.com
Разработчик проекта: ТОО «Caspian HES Consulting», БИН: 050940006426, тел. +7(778)1790417, эл.почта: dcc@hes.kz

29.07.2026
16:22

АКПАРАТ ТАКЕАСИ



29.07.2026
16:22

LUCENTPETROLEUM

«LUCENT PETROLEUM»

КОМПАНИЯСЫ

LUCENTPETROLEUM

Компания туралы

"Lucent Petroleum" ЖШС

Қазақстан Республикасында мұнай мен газды барлау және өндіру бойынша қызметті жүзеге асыратын компания.

Біздің веб-сайт **www.lucentoilgas.com**

LUCENTPETROLEUM



"Lucent Petroleum" ЖШС

07.04.1999 жылдың №317 келісімшартына 18 қосымшаға сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылады және Батыс Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстарындағы Лебяжье (Оңтүстік) және Мұнайбай геологиялық барлау блоктарында барлау және өндіру құқығында 100% үлесі бар.

LUCENTPETROLEUM

Компания тарихы

Компания келісімшарттық аумақта кең ауқымды **2D** және **3D** сейсмикалық деректерді алу, өңдеу және интерпретациялау арқылы өзінің техникалық және өндірістік мүмкіндіктерін дәлелдеді, сонымен қатар **үш** барлау ұңғымасын бұрғылап, **екі** ескі ұңғыманы қайта іске қосты.




LUCENTPETROLEUM

БІЗДІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІМІЗ

Келісімшарттық аумақ Қазақстан Республикасының Атырау және Маңғыстау облыстарында орналасқан.

Барлау блогының шекаралары:

- Солтүстікте «Теңізшевройл» ЖШС және «ҚазМұнайГаз» ХК АҚ лицензиялық блогымен, Прорва тобындағы кен орындары блоктың солтүстік шекарасымен түйіседі.
- Шығыстан – «ҚазМұнайТеңіз» ТМК барлау блогымен,
- Каспий теңізі жер телімінің батыс және оңтүстік жағында орналасқан,
- Блоктың оңтүстік-шығыс шекарасында Құлтық кен орны орналасқан.



LUCENTPETROLEUM

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА

Қазіргі уақытта Компания ҚР Атырау және Маңғыстау облыстарындағы **Лебяжье (Оңтүстік)** және **Мұнайбай** алаңдарында дайындық кезеңін 12.03.2048 жылға дейін ұзарту келісімшартына №18 толықтыруға сәйкес бекітілген жұмыс бағдарламасы аясында жұмыс істейді.

Осы жылы Бақыт-1 ұңғымасы консервациядан шығарылды, ВН-3 ұңғымасы бұрғыланды.
Ал, ВН-2 ұңғымасын бұрғылау жоспарланған.



LUCENTPETROLEUM

КОМПАНИЯ САЯСАТЫ



Ең алдымен қауіпсіздік!



Өндірістік жұмыстарды қауіпсіз әдістермен және қоршаған ортаға зиян келтірмей жүзеге асыру.



Жоғары кәсібилік, бұлжымас адамгершілік құндылықтар.



Жұмыс бағдарламаларын және Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде Еңбек кодексінің талаптарын сақтау.



Қызметкерлердің кәсібилігін үнемі арттыру.



Жұмыс жүргізу кезінде қазақстандық мамандарға артықшылық береді. Қазақстандық кадрлар компания персоналының шамамен 100% -ын құрайды.

LUCENTPETROLEUM

Назарларыңызға Рақмет !

2026 жылға арналған «Мұнайбай кен орнының Бақыт учаскесіндегі ВН-1, ВН-3, ВН-2 ұңғымаларын өлшеуге арналған технологиялық кешен» жұмыс жобасы, сондай-ақ оған қоса Түсіндірме жазба (ТЖ), «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚ), 2026 жылға пайдалану кезеңіне арналған жол берілетін шығарындылар нормативтері жобасы (ЖШНЖ), 2026 жылға пайдалану кезеңіне арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), 2026 жылға пайдалану кезеңіне арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭБ) және Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІЖ).

Жобаны іске асыру Мұнайбай кен орнының Бақыт учаскесінде ВН-1, ВН-3, ВН-2 ұңғымаларынан өнімділікті өлшеуге арналған технологиялық кешенді салуды көздейді.

Объект ВН-1, ВН-3, ВН-2 ұңғымаларының дебитін өлшеу жұмыстарын жүргізуге ғана арналған уақытша өндірістік объект ретінде қарастырылады.

Құрылыс түрі – уақытша.

Құрылыстың жалпы ұзақтығы **1,0 айды** құрайды.
Технологиялық кешенді пайдалану ұзақтығы – **90 тәулік**.
Жобаланатын объект «Lucent Petroleum» ЖШС-нің келісімшарттық аумағына кіретін Мұнайбай кен орнында (Бақыт учаскесі) орналасқан.

LUCENTPETROLEUM

КӘСІПОРЫН ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Недропайдаланушысы — «Lucent Petroleum» ЖШС.
«Lucent Petroleum» ЖШС қызметінің негізгі түрі — көмірсутек шикізатын барлау және өндіру.
Мұнайбай кен орны «Lucent Petroleum» ЖШС-нің келісімшарттық аумағына кіреді. Аталған компания 1999 жылғы 7 сәуірдегі №317 келісімшартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылады.
ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексінің 120-бабы 10-тармағына сәйкес, 2025 жылғы 2 маусымдағы №18 толықтыру негізінде (мемлекеттік тіркеу №5471-УВС) 1999 жылғы 7 сәуірдегі №317 көмірсутектерді барлау және өндіруге арналған келісімшарт бойынша Мұнайбай кен орнының (Бақыт учаскесі) өндіру кезеңі бекітілді.
Келісімшарт аумағы Қазақстан Республикасының Атырау және Маңғыстау облыстарындағы XXX-13-F (ішінара), 14-D (ішінара), E, F; XXXI-14-A (ішінара), B, C (ішінара); XXX-15-D (ішінара), E (ішінара); XXXI-15-A (ішінара), B (ішінара) блоктарының шегіндегі аумақты қамтиды.
Келісімшарттың қолданылу мерзімі **2048 жылғы 12 наурызға дейін ұзартылған**.
ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Геология комитеті «Мұнайбай» кен орнының Шығыс Мұнайбай және Бақыт учаскелерінде жер қойнауын пайдалану операцияларын жүзеге асыру үшін жер қойнауы учаскесін (тау-кендік жер бөлу) берген (тіркеу №574-Д, 2023 жылғы 6 сәуір).
Мұнайбай кен орнының шегінде екі учаске бөлінеді: **Шығыс Мұнайбай және Бақыт**. Бақыт учаскесі Шығыс Мұнайбай учаскесінің солтүстік-шығысында орналасқан.
Жер қойнауы учаскесі Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысында орналасқан.
Жер қойнауы учаскесінің жалпы ауданы — **171,05 км²**, оның ішінде:
Бақыт учаскесі — **76,03 км²**;
Шығыс Мұнайбай учаскесі — **95,02 км²**.
Жер қойнауы учаскесінің тереңдігі:
Шығыс Мұнайбай учаскесі — **минус 5150 м**;
Бақыт учаскесі — **триас шөгінділерінің табанына дейін** (тұзүсті шөгінділердің табанына дейін).

Бақыт учаскесінің бұрыштық нүктелерінің координаттары:
СШ 45°42'53,51'', ВД 53°41'47,82'';
СШ 45°40'58,2'', ВД 53°46'36,27'';
СШ 45°39'0,88'', ВД 53°41'14,59'';
СШ 45°39'00'', ВД 53°33'00'';
СШ 45°40'18,54'', ВД 53°33'00''.

ОБЪЕКТІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

В әкімшілік тұрғыдан алғанда, Мұнайбай кен орны (Бақыт учаскесі) Қазақстан Республикасының Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында орналасқан.
Жұмыс учаскесі Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының Мұнайбай кен орнында орналасқан. Ең жақын елді мекен — кен орнынан солтүстік-шығысқа қарай **90 км** қашықтықта орналасқан Боранқұл ауылы.

Бейнеу ауданының әкімшілік орталығы — **Бейнеу ауылы** — оңтүстік-шығыс бағытта, Мұнайбай кен орнының Бақыт учаскесінен Бейнеу ауылына дейінгі автомобиль жолы бойынша **207 км** қашықтықта орналасқан.

Облыс орталығы — **Ақтау қаласы** — құрылыс аумағынан оңтүстік-батысқа қарай автомобиль жолы бойынша **660 км-ден астам** қашықтықта орналасқан.
Құрылыс объектісінен Каспий теңізіне дейінгі қашықтық шамамен **55,0 км** құрайды.
Опорная станциясы арқылы Астрахань–Маңғышлақ Еділ су құбыры өтеді. Аталған су құбыры техникалық және ауыз сумен жабдықтау көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін.
Тұщы судың табиғи көздері жоқ.

Қарастырылып отырған ауданда қазіргі уақытта игеріліп жатқан бірқатар кен орындары орналасқан. Олардың ішінде «Эмбамұнайгаз» АҚ-ның (Батыс Прорва, С. Нұржанов, Ақтөбе және т.б.), «Теңізшевройл» ЖШС-нің (Теңіз, Королевское) кен орындары бар. Жақын маңда Толқын, Боранкөл, Сазтөбе, Елемес және басқа да кен орындары орналасқан.


Маңғыстау–Мақат теміржолының бойымен автомобиль жолы, Орта Азия–Орталық магистральдық газ құбыры, Жаңаөзен–Новокуйбышевск магистральдық мұнай құбыры, электр беру желілері және телефон байланысы желілері өтеді.
Маңғыстау облысын Қазақстанның және Ресейдің басқа облыстарымен байланыстыратын **Маңғышлақ–Мақат** теміржол магистралі аумақтың шығыс жағында орналасқан. Ең жақын теміржол станциясы — **Опорная станциясы**.



Слайдта Мұнайбай кен орнының (Бақыт учаскесі) келісімшарттық аумағының орналасу шолу картасы-схемасы ұсынылған.

LUCENTPETROLEUM

СЛАЙДТА ЖОБАЛАНАТЫН ОБЪЕКТІНІҢ ОРНАЛАСУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЛЫҚ КАРТА-СХЕМАСЫ ҰСЫНЫЛҒАН.



ЖОБА БОЙЫНША НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР

«Мұнайбай кен орны, Бақыт учаскесіндегі ВН-1, ВН-3, ВН-2 ұңғымаларынан өлшеу жүргізуге арналған технологиялық кешен» объектісі ұңғымалардың дебитін өлшеу жұмыстарын жүргізуге ғана арналған **уақытша өндірістік объект** ретінде қарастырылады. Жұмыс құжаттамасында күрделі ғимараттар мен құрылыстарды салу, сондай-ақ күрделі іргетастарды орнату қарастырылмаған. Ұңғымаларды сынау жұмыстары аяқталғаннан кейін барлық технологиялық кешен толықтай бөлшектеліп, аумақ бастапқы күйіне келтіріледі.

Өндірістік қуаты:

шикі газ бойынша — **450 000 стандартты м³/тәулікке дейін**;

конденсат бойынша — **120 т/тәулік**;

су бойынша — **30 т/тәулік**.

Жұмыс құжаттамасына сәйкес келесі құрылыстарды салу көзделеді:

№1 уақытша өлшеу қондырғысы — Бақыт ГСП ауданында орналасады;

№2 уақытша өлшеу қондырғысы — Толқын СКУ ауданында орналасады.

ОСЫ ЖҰМЫС ҚҰЖАТТАМАСЫНДА «МҰНАЙБАЙ КЕН ОРНЫ, БАҚЫТ УЧАСКЕСІНДЕГІ ВН-1, ВН-3, ВН-2 ҰҢҒЫМАЛАРЫНАН ӨЛШЕУ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕН» ОБЪЕКТІСІ ҮШІН КЕЛЕСІ ҚҰРЫЛЫСТАР ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ:

1. №1 Уақытша өлшеу қондырғысы (Бақыт ГСП ауданында орналасқан)

Уақытша өлшеу қондырғысының құрамына келесі технологиялық алаңдар кіреді:

1. Дроссельдік манифольд алаңы;
2. Жанама қыздыру қондырғысы алаңы;
3. Үш фазалы сепаратор алаңы;
4. Химиялық реагент беруге арналған сорғы алаңы;
5. Химиялық реагентті сақтауға арналған сыйымдылық алаңы;
6. Ауа компрессоры алаңы;
7. Ауа ресивері алаңы;
8. Тамшыұстағыш алаңы;
9. Газ манифольды алаңы;
10. Буферлік сыйымдылық алаңы;
11. Айдау сорғысы алаңы;
12. Су резервуары алаңы;
13. Транс-сорғы алаңы;
14. Факельдік діңгек алаңы;
15. Дизель-генератор алаңы;
16. Дизель отынына арналған сыйымдылық алаңы.

2. №2 Уақытша өлшеу қондырғысы (Толқын СКУ ауданында орналасқан)

Уақытша өлшеу қондырғысының құрамына келесі технологиялық алаңдар кіреді:

1. Жанама қыздыру қондырғысы алаңы;
2. Үш фазалы сепаратор алаңы;
3. Тамшыұстағыш алаңы;
4. Газ манифольды алаңы;
5. Конденсат манифольды алаңы;
6. Ауа ресивері алаңы;
7. Ауа компрессоры алаңы;
8. Буферлік сыйымдылық алаңы;
9. Айдау сорғысы алаңы;
10. Су резервуары алаңы;
11. Транс-сорғы алаңы;
12. Дизель-генератор алаңы;
13. Дизель отынына арналған сыйымдылық алаңы;
14. Факельдік діңгек алаңы.

LUCENTPETROLEUM

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

ҚҰРЫЛЫС КЕЗЕҢІ

Жобаланатын объектілерді салу кезеңінде атмосфералық ауаның негізгі ластануы мынадай шығарындылардың түзілуіне байланысты болады:

- дизель отынын жағу нәтижесінде дизель электр станцияларының (ДЭС), дизельдік компрессорлардың, дәнекерлеу агрегаттарының жұмысы кезінде бөлінетін жану өнімдері: **азот, көміртек және күкірт оксидтері, көмірсутектер, күйе, формальдегид, бенз(а)пирен**;
- жер жұмыстары кезінде, топырақты, құмды және қиыршықтасты тасымалдау, түсіру, топырақты жылжыту (тегістеу), үйінділердің төбесі мен беткейлерін жоспарлау барысында түзілетін **бейорганикалық шаң**;
- құрылыс техникасының, қамтамасыз ету жүйелерінің және жоспарланған құрылыс жұмыстарын қолдау мен жабдықтауға тартылған өзге де өндірістік жабдықтардың іштен жану қозғалтқыштары жұмыс істеген кезде отынның жану өнімдері түріндегі ластаушы заттар атмосфераға шығарылады.

Ластаушы заттардың атмосфераға түсуі сондай-ақ **дәнекерлеу, бояу және құрылыс алаңында битуммен өңдеу жұмыстары** кезінде орын алады.
Құрылыс-монтаждау жұмыстарында пайдаланылатын құрылыс техникасы мен көлік құралдары **ұйымдастырылмаған шығарындылардың негізгі көздері** болып табылады.
Құрылыс кезеңіндегі негізгі ластаушы заттарға: **азот, көміртек және күкірт оксидтері, көмірсутектер, бейорганикалық шаң, күйе және басқа да заттар** жатады.
Құрылыс кезеңінде атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының жалпы саны **13 көзді** құрайды, оның ішінде:
5 — ұйымдастырылған шығарындылар көзі;
8 — ұйымдастырылмаған шығарындылар көзі.
ВЗУ-1 құрылысын жүргізу кезінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың мөлшері **4,6075608 г/с немесе 1,64761037 т/жыл** құрайды.
ВЗУ-2 құрылысын жүргізу кезінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың мөлшері **4,6075608 г/с немесе 1,64761037 т/жыл** құрайды.
Құрылыс кезеңінде стационарлық көздерден атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың **тізбесі мен мөлшері 10-слайдта** көрсетілген.

LUCENTPETROLEUM

ҚҰРЫЛЫС КЕЗЕҢІНДЕ СТАЦИОНАРЛЫҚ КӨЗДЕРДЕН АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Код ЗВ	Ластаушы заттың атауы	ШРКм.б., мг/м³	ШРКо.с., мг/м³	БАӘК, мг/м³	Ластаушы заттың қауіптілік сыныбы	Заттың шығарындылары, г/с	Заттың шығарындылары, т/год, (М)	Заттың шығарындылары, г/с	Заттың шығарындылары, т/жыл (М)
						ВЗУ-1		ВЗУ-2	
1	2	4	5	6	7	8	9	10	11
0123	Темір (II, III) оксидтері (274)		0,04		3	0,00802	0,00141	0,00802	0,00141
0143	Марганец және оның қосылыстары (марганец (IV) оксидіне қайта есептегенде) (327)	0,01	0,001		2	0,00078	0,00014	0,00078	0,00014
0301	Азот (IV) диоксиді (4)	0,2	0,04		2	0,55005	0,28574	0,55005	0,28574
0304	Азот (II) оксиді (6)	0,4	0,06		3	0,0893	0,0464	0,0893	0,0464
0328	Көміртек (күйе, қара көміртек) (583)	0,15	0,05		3	0,0467	0,0248	0,0467	0,0248
0330	Күкірт диоксиді (күкіртті ангидрид) (516)	0,5	0,05		3	0,0733	0,0372	0,0733	0,0372
0337	Көміртек оксиді (көміртек тотығы, иіс газы) (584)	5	3		4	0,48369	0,24967	0,48369	0,24967
0342	Фторлы газ тәрізді қосылыстар (617)	0,02	0,005		2	0,00026	0,00005	0,00026	0,00005
0344	Нашар еритін бейорганикалық фторидтер — алюминий фториді, кальций фториді, натрий гексафторалюминаты (фторға қайта есептегенде) (615)	0,2	0,03		2	0,00028	0,00005	0,00028	0,00005
0616	Диметилбензол (о-, м-, п- изомерлер қоспасы) (203)	0,2			3	0,1875	0,0503	0,1875	0,0503
0703	Бенз/а/пирен (3,4-Бензпирен) (54)		0,000001		1	0,0000008	3,7E-07	0,0000008	3,7E-07
1325	Формальдегид (Метаналь) (609)	0,05	0,01		2	0,0101	0,005	0,0101	0,005
2732	Керосин (654*)			1,2		0,0083	0,0001	0,0083	0,0001
2752	Уайт-спирит (1294*)			1		0,0625	0,0336	0,0625	0,0336
2754	С12–19 алкандары (С-ке қайта есептегенде) (С12–С19 шекті көмірсутектері; РПК-265П еріткіші)	1			4	0,2456	0,1247	0,2456	0,1247
2902	Өлшенген бөлшектер (116)	0,5	0,15		3	0,0458	0,0246	0,0458	0,0246
2908	Құрамында кремний диоксиді 70–20% болатын бейорганикалық шаң	0,3	0,1		3	2,79538	0,76385	2,79538	0,76385
	Барлығы:					4,6075608	1,6476104	4,6075608	1,6476104

LUCENTPETROLEUM

ПАЙДАЛАНУ КЕЗЕҢІ

ВЗУ-1 пайдалану кезінде атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көздері **24 бірлікті** құрайды, оның ішінде:
5 — ұйымдастырылған шығарындылар көзі;
19 — ұйымдастырылмаған шығарындылар көзі.

ВЗУ-2 пайдалану кезінде атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көздері **18 бірлікті** құрайды, оның ішінде:
4 — ұйымдастырылған шығарындылар көзі;
14 — ұйымдастырылмаған шығарындылар көзі.

Жобаланатын объектілерді пайдалану кезінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың мөлшері **2026 жылға**:
ВЗУ-1 (Бақыт) — **4,0742934 г/с** немесе **19,7901371 т/жыл**;
ВЗУ-2 (Толқын) — **2,9794446 г/с** немесе **18,9145391 т/жыл**.

ВЗУ-1 және ВЗУ-2 пайдалану кезеңінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың (ЛЗ) тізбесі қауіптілік сыныбы, атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың **максималды бір реттік және орташа тәуліктік шекті рұқсат етілген концентрациялары (ШРК)** көрсетіле отырып, **1.4.2 және 1.4.3-кестелерде** ұсынылған.
Пайдалану кезеңінде атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың (ЛЗ) тізбесі **12 және 13-слайдтарда** ұсынылған.

LUCENTPETROLEUM

«ВЗУ-1 Бақыт» ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Код ЗВ	Ластаушы заттың атауы	ШРКм.б., мг/м³	ШРКо.с., мг/м³	БАӘК, мг/м³	Ластаушы заттың қауіптілік сыныбы	Тазартуды ескере отырып, заттың шығарындылары, г/с	Тазартуды ескере отырып, заттың шығарындылары, т/жыл (М)
1	2	3	4	5	6	7	8
0301	Азот (IV) диоксиді (4)	0,2	0,04		2	0,641879	3,362746
0304	Азот (II) оксиді (6)	0,4	0,06		3	0,104337	0,546419
0328	Көміртек (күйе, қара көміртек) (583)	0,15	0,05		3	0,160716	1,138955
0330	Күкірт диоксиді (күкіртті ангидрид) (516)	0,5	0,05		3	0,1186	0,6702
0333	Күкіртсутек (дигидросульфид) (518)	0,008			2	0,000011	0,00002
0337	Көміртек оксиді (көміртек тотығы, иіс газы) (584)	5	3		4	1,652557	11,525052
0410	Метан (727*)			50		0,044429	0,345814
0415	С1–С5 шекті көмірсутектерінің қоспасы (1502*)			50		0,086994	0,67646
0416	С6–С10 шекті көмірсутектерінің қоспасы (1503*)			30		0,0098777	0,0767911
0703	Бенз(а)пирен (3,4-бензпирен) (54)		1E-06		1	0,0000007	0,000003
1052	Метанол (метил спирті) (338)	1	0,5		3	1,04335	0,47517
1325	Формальдегид (метаналь) (609)	0,05	0,01		2	0,0077	0,0329
2735	Минералды мұнай майы (веретендік, машиналық, цилиндрлік және т.б.) (716*)			0,05		0,0004	0,000054
2754	С12–С19 алкандары (С-ке қайта есептегенде) (С12–С19 шекті көмірсутектері; РПК-265П еріткіші)	1			4	0,203442	0,939553
	БАРЛЫҒЫ:					4,0742934	19,790137

LUCENTPETROLEUM

ВЗУ-2 «ТОЛҚЫН» ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕ АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Код ЗВ	Ластаушы заттың коды	ШРКм.б., мг/м³	ШРКо.с., мг/м³	БАӘК, мг/м³	Ластаушы заттың қауіптілік сыныбы	Тазартуды ескере отырып, заттың шығарындылары, г/с	Тазартуды ескере отырып, заттың шығарындылары, т/жыл (М)
1	2	4	5	6	7	8	9
0301	Азот (IV) диоксиді (4)	0,2	0,04		2	0,641879	3,362746
0304	Азот (II) оксиді (6)	0,4	0,06		3	0,104337	0,546419
0328	Көміртек (күйе, қара көміртек) (583)	0,15	0,05		3	0,160716	1,138955
0330	Күкірт диоксиді (күкіртті ангидрид) (516)	0,5	0,05		3	0,1186	0,6702
0333	Күкіртсутек (дигидросульфид) (518)	0,008			2	0,000011	0,00002
0337	Көміртек оксиді (көміртек тотығы, иіс газы) (584)	5	3		4	1,652557	11,525052
0410	Метан (727*)			50		0,044429	0,345814
0415	С1–С5 шекті көмірсутектерінің қоспасы (1502*)			50		0,044995	0,34988
0416	С6–С10 шекті көмірсутектерінің қоспасы (1503*)			30		0,0060379	0,0469531
0703	Бенз(а)пирен (3,4-бензпирен) (54)		1E-06		1	0,0000007	0,000003
1325	Формальдегид (метаналь) (609)	0,05	0,01		2	0,0077	0,0329
2735	Минералды мұнай майы (веретендік, машиналық, цилиндрлік және т.б.) (716*)			0,05		0,0004	0,000054
2754	С12–С19 алкандары (С-ке қайта есептегенде) (С12–С19 шекті көмірсутектері; РПК-265П еріткіші) (10)	1			4	0,197782	0,895543
	БАРЛЫҒЫ:					2,9794446	18,914539

LUCENTPETROLEUM

ЛАСТАУШЫ ЗАТТАРДЫҢ АТМОСФЕРАНЫҢ ЖЕР БЕТІНЕ ЖАҚЫН ҚАБАТЫНДА ТАРАЛУЫН ЕСЕПТЕУ

Жобаланатын объектінің қоршаған ортаға әсерін анықтау мақсатында атмосфераның жер бетіне жақын қабатында ластаушы заттардың таралуына математикалық модельдеу жүргізілді.
Ластаушы заттардың таралуын есептеу **«ЭРА 3.0 нұсқасы»** бағдарламалық кешенінде жүргізілді. Бағдарламалық кешен Қазақстан Республикасы ҚОСжәнеТР министрінің 2014 жылғы 12 маусымдағы №221-п бұйрығына №18 қосымша болып табылатын **«Кәсіпорындар шығарындыларынан атмосфералық ауадағы зиянды заттардың концентрацияларын есептеу әдістемесінің»** негізгі талаптары мен ережелерін іске асырады.

Атмосфераның ластану деңгейін есептеу барлық ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған шығарындылар көздері бойынша, бөлінетін барлық ластаушы заттар ескеріле отырып жүргізілді.
Ластаушы заттардың атмосфералық ауада таралуын есептеу нәтижесінде кәсіпорынның барлық көздерінен шығарылатын ластаушы заттардың максималды концентрациялары, сондай-ақ ластаушы заттардың максималды концентрацияларына қол жеткізілетін қашықтықтар анықталды.

Көздерден атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың шығарындылары бойынша жүргізілген есептеулерді талдау нәтижесінде шығарындылар **санитариялық-қорғау аймағының (СҚА) шекарасында зиянды заттардың қауіпті концентрацияларын қалыптастырмайтыны** анықталды.
Осыған байланысты аталған шығарындыларды **нормативтік рұқсат етілген шығарындылар (НРЕШ)** ретінде қабылдауға болады.

LUCENTPETROLEUM

СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

«Lucent Petroleum» ЖШС-нің жерүсті және жерасты су көздерінен жеке су алу құрылыстары жоқ.
Шаруашылық-тұрмыстық және технологиялық қажеттіліктерге арналған тұщы су **Боранқұл ауылынан автоцистерналармен тасымалданады**.
Ауызсу қажеттіліктері үшін **бөтелкедегі ауызсу** жеткізіледі.
Су тұтыну мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

СУ ТҰТЫНУ

Құрылыс кезеңі

Жобаланатын объектілерді салу кезінде шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне арналған су тұтыну көлемі **231,0 м³ — бір технологиялық кешенге** есептеледі.
Бақыт учаскесінде құрылыс жұмыстары кезінде техникалық қажеттіліктерге арналған су тұтыну көлемі **510,2 м³** құрайды.
Толқын учаскесінде құрылыс жұмыстары кезінде техникалық қажеттіліктерге арналған су тұтыну көлемі **510,2 м³** құрайды.

Пайдалану кезеңі

Жобаланатын объектілерді пайдалану кезінде шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне арналған су тұтыну көлемі **313,34 м³/кезең — бір қондырғыға** құрайды.

СУ БҰРУ

Құрылыс кезеңі

Жобаланатын объектілерді салу кезеңінде су бұру көлемі **231,0 м³ — бір технологиялық кешенге** құрайды.
